



Құрметті студент!

2018 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларының пәндер реті
5B020900	«Шығыстану»	1. Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану 2. Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы 3. Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы 4. Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану
 - Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы
 - Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы
 - Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану

1. Шығыстану ғылымындағы методологиялық зерттеулердің қазіргі заманғы үрдістері:
 - A) гуманизация
 - B) жаһандылық
 - C) діни принцип
 - D) гендерлік
 - E) мистификация
 - F) демократизация

2. Ресейдегі алғашқы шығыстану орталығының бірі болып есептеледі:
 - A) Азиялық мұражай
 - B) Нумизматтар мектебі
 - C) Мәскеулік шығысты сүюшілер қоғамы
 - D) Кунсткамера
 - E) Қазан университеті

3. Халдейлер мекендеген аумақтардың бірі:
 - A) Голан шыңдары
 - B) Вавилон
 - C) Египет
 - D) Қосөзен
 - E) Месопатамия

4. Ресейде XVIII ғасырда ең көп оқытылған шығыс тілдері:
 - A) тай тілі
 - B) қытай, моңғол, манчжур тілі
 - C) санскрит тілі
 - D) хинди тілі
 - E) тамиль тілі
 - F) жапон тілі

5. XIX ғасырда Ресейде қалыптасқан ірі шығыстану орталықтары:
 - A) Қазан
 - B) Москва
 - C) Тобольск
 - D) Тверь
 - E) Новгород

6. Ресейдің XIX ғасырда озық зерттеген Шығыс елдері мен аймақтары:

- A) Индия
- B) Палестина
- C) Орта Азия
- D) Шығыс Түркістан
- E) Египет

7. Конфуций:

- A) кытай ойшылы
- B) бай саудагер
- C) ұлы саяхатшы
- D) кедей монах
- E) мемлекет қайраткері

8. Шығысқа қатысты мәліметтерді жақсы білген қазақ ағартушылары:

- A) Ч. Айтматов
- B) Ш. Уәлиханов
- C) Қ. Жалаири
- D) Х. Дулати
- E) А. Құнанбаев

9. Ресейде үндітанудың негізін қалағандар:

- A) Ф.И. Щербатский
- B) С.Ф. Ольденбург
- C) И.П. Минаев
- D) А. Казембек
- E) И. Бичурин
- F) П. Кафаров

10. Қытайдың ежелгі және ортағасырлық әдебиеті:

- A) Ақындарға сарайға кіру тыйым салынғандықтан, мемлекеттің шет жақтарында ғана тараған
- B) Жазба ескерткіштердің жойылып кетуіне байланысты бүгінге ештеңе жетпеген
- C) Біздің заманымызға жеткен көне әдеби ескерткіштер мен соңғы дәуірлерге тән белгілері бар
- D) Конфуцийді автор ретінде немесе соның редакциялауын көрсету үрдісі бар
- E) Басынан аяғына дейін діни сенім тұрады
- F) Династиялық белгісі бар дәуірлерден тұрады

11. Жапонның кейінгі ортағасырдағы көрнекті ақыны Мацуо Басё (1644-1694) шығармаларында:

- A) оның көптеген пьесалары тарихи сюжеттер, қала өмірінің оқиғалары, махаббат оқиғаларын суреттеді
- B) алғаш рет жапон интеллигенциясының ақыл-ойын ағартушылық идеялар, бостандық пен теңдік идеялары баурап алды
- C) өлеңді реформалау идеясы өзекті мәселе болып тұрды
- D) өлеңнің нақты мазмұнын ашатын ишара жасау өнері анық көрінді
- E) кейіпкерлері жауынгерлер, құдайлар, сұлулар, аруақтар болды

12. X- XI ғ. 1-ші жартысындағы Иран мемлекеттері:

- A) Персия
- B) Селжүктер мемлекеті
- C) Араб халифаты
- D) Мамлүктер сұлтандығы
- E) Иран Ислам Республикасы
- F) Курдистан

13. Жұмысшы-шаруа қызыл армиясы Бас штабының Әскери академиясында дайындалған шығыстанушы ғылыми мамандары:

- A) географтар
- B) молдалар
- C) философтар
- D) тіл мамандары
- E) экономистер
- F) тарихшылар
- G) заңгерлер

14. Жапонияда екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңілістен кейін:

- A) Әлемдік қауымдастықта көшбасшылыққа ұмтылу пайда болды
- B) Азаматтық соғыс басталды
- C) Бір -бірімен қырылысу басталды
- D) Кореядағы отаршылдық экспансияға дайындық басталды
- E) Жаңа соғысқа дайындық басталды
- F) Шетелге «ақылдылардың кетуі» басталды

15. II Дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік шығыстанудағы өзгерістер:

- A) Америка университеттерінде шығыстану факульттері жаппай ашыла бастады
- B) Батыс Германия университеттерінде шығыстану факульттері жаппай ашыла бастады
- C) Шығыстану ғылымында «азиалық және африкалық зерттеулер» деген ұғым қалыптасты
- D) Шығыс ғалымдары батыс ғалымдарымен байланыс жасаудан бас тартты
- E) Франция университеттерінде шығыстану факульттері жаппай ашыла бастады
- F) АҚШ пен Батыс Европа ғалымдары «шығыстану» терминінен бас тартты
- G) Батыс шығыстанушылары мен афро азиялық ғалымдар арасында байланыс орнады

16. Қазіргі ресейлік белгілі шығыстанушылар:

- A) Е.М. Примаков
- B) В.В. Бартольд
- C) И.Ю. Крачковский
- D) Б. Халидов
- E) Н.И. Конрад
- F) Б. Гафуров

17. Ресейде шығыстанушылар дайындайтын қазіргі ірі жоғары оқу орындары:

- A) Адыгей мемлекеттік университеті
- B) М.В. Ломоносов атындағы ММУ жанындағы Азия және Африка елдері институты
- C) Қазан (Приволжский) федералды университеті
- D) Карачай -Черкес мемлекеттік университеті
- E) Башқұртстан мемлекеттік университеті
- F) Чувашия мемлекеттік университеті
- G) Санкт-Петербург мемлекеттік университеті

18. Ресейге қосылғаннан кейін, орыстардың Қара теңізге шығуына мүмкіндік туғызған территориялар:

- A) Калмыкия
- B) Азербайжан
- C) Грузия
- D) Причерноморье
- E) Армения
- F) Солтүстік Кавказ
- G) Қырым

19. Франция шығыстанушысы Абрахам Гиацинт Анкетиль-Дюперрон (1731-1805):

- A) Араб әдебиеті туралы өзінің еңбектері мен Қасиетті Құранды араб тіліне аударды
- B) Европадағы салыстырмалы тіл білімін дамытты
- C) Петербург университетіне лекция оқуға шақырылды
- D) Ежелгі Египеттің қазбаларын жүргізу арқылы танылды
- E) Европада араб филологиясын дамытудың негізін қалады
- F) «Зенд-Авестаны» 3 том етіп шығарған
- G) Ұзақ уақыт Эрмитаждың директоры болып, жыл сайын оның Шығыс коллекцияларын толықтырумен айналысты

20. Кешенді ғылыми білім ретіндегі шығыстанудың стратегиялық мақсаты:

- A) әлемнің ғылыми бейнесін жасау
- B) адамзаттың үйлесімді өмір сүруіне жағдай жасау
- C) мәселелерді шешуге арналған әмбебап рецептін жасау
- D) ықпалдастық үдерістерін қамтамасыз ету
- E) этникалық ассимиляцияны енгізу
- F) жаһандануға жағдай жасау
- G) көші-қон саясатын жетілдіру

21. Шығыстануға Сталин саясатының әсері:

- A) шетелдермен байланысы болған шығыстанушыларға тыңшы деген айып тағылып, қамауға алынды
- B) барлық ғалымдар тибет медицинасымен айналысты
- C) көптеген шығыстанушыларға жала жабылып, атылды, абақтыға қамалды
- D) барлық ғалымдар танғұт жазуын зерттеуге кірісті
- E) барлық ғалымдар шумер тілін зерттеумен айналысты
- F) барлық ғалымдар түркі ескерткіштерін зерттеумен айналысты
- G) шығыстанушылар орхон-енисей ескерткішінің сырын ашты

22. Қазіргі заманда бар шығыстану қоғамдары:

- A) Познань
- B) Аляска
- C) Польша
- D) Франция
- E) Америка
- F) Дания

23. Армян шығыстану мектебінің негізін қалағандар:

- A) В. Разанян
- B) Г.Х. Саркисян
- C) В. Маратьян
- D) А. Карапетян
- E) О.Г. Инджикян
- F) Н.Я. Марр

24. Украинаның белгілі шығыстанушылары:

- A) М.С. Мейер
- B) А. Халидов
- C) О. Прицак
- D) А. Крымский
- E) В. Дашкевич

25. Ислам энциклопедиясы (Encyclopaedia of Islam):

- A) Әлеуметтік-экономикалық тақырып үшінші басылымда азырақ болды
- B) 1900 жылы Түркияда дін істері басқармасының бастамасымен жарық көрді
- C) Алғаш рет Лейденде (1913-38) неміс, француз және ағылшын тілдерінде шықты
- D) Бірінші Бас редакторы Ф. Көпрүлү болды
- E) Бірінші басылымы 20 томды құрады
- F) Ресейден энциклопедия жазуға академиктер В.В. Бартольд, Е.Э. Бертельс, И.Ю. Крачковский, А.Н. Самойлович, А.Ю. Якубовский қатысты
- G) Оны жазумен немістің Кельн университет айналысты

**Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы

1. Шығыста пайда болған әлемдік діндер:

- A) ислам
- B) зороастризм
- C) иудаизм
- D) христиан
- E) манихейлік
- F) конфуцийшілдік
- G) синтоизм

2. Ежелгі Мысыр астанасы:

- A) Танис
- B) Мемфис
- C) Фивы
- D) Пасаргады
- E) Ниневия
- F) Сузы

3. Ежелгі Египеттің сыртқы саясатының бағыттары:

- A) Закавказье
- B) Шығыс Жерорта теңізі
- C) Иран
- D) Орта Азия
- E) Нубия
- F) Үндістан

4. Кейінгі патшалық Фараондары:

- A) Псаметтих I, Нехо II, Яхмос II
- B) Рамсес II, Хоремхеб, Сети I
- C) Ментухотеп, Аменемхет I
- D) Шабака, Тахарка
- E) Яхмос, Тутмос III, Аменхотеп IV
- F) Шешонк I, Тефнахт, Бокхорис
- G) Аменемхет III, Сенусерт III
- H) Рамсес III, Мернептах

5. Ежелгі Месопатамия құдайлары:

- A) Амон Ра, Атон, Птах
- B) Мардук, Шамаш, Иштар
- C) Агни, Перун, Ваю
- D) Брахма, Шива, Вишну
- E) Нергал, Энки, Энлиль

6. Ежелгі Месопатамияның ерте династиялық кезеңі тарихының патшалары:

- A) Нарам Суэн
- B) Лугальзагеси
- C) Маништушу
- D) Эанатума
- E) Ур-Намму
- F) Шульга
- G) Римуш

7. Эллинистік мемлекет астанасы:

- A) Вавилон
- B) Ктесифон
- C) Пелла
- D) Александрия
- E) Антиохия
- F) Селевкия

8. Нанд династиясының патшалары:

- A) Агнимитра, Васуджтъяештха
- B) Васумитра, Андратха
- C) Раштарпала, Говишанаки
- D) Пандхука, Бхутапала
- E) Дашасидхака, Вайварта

9. Ежелгі Қытайдағы ескі мен жаңаға байланысты қарама-қарсы көзқарастарды ұстанған философиялық мектептер:

- A) даосизм
- B) махаяна
- C) легизм
- D) хинаяна
- E) джайнизм
- F) манихейлік
- G) конфуцийшілдік

10. Орта ғасырлардағы шығыс ренессансының негізгі орталықтары:

- A) Египет
- B) Қытай
- C) Корея
- D) Моңғолия
- E) Осман империясы

11. Моңғолияда билік еткен Шыңғыс ханнан кейінгі ұлы хандар:

- A) Жошы
- B) Мөңке
- C) Үгедей
- D) Шағатай
- E) Төле

12. Ерте орта ғасырларда Қытайда «мейірімді халық» әлеуметтік тобы:

- A) абыздар
- B) шенеуніктер
- C) феодалдар
- D) құлдар
- E) қолөнершілер
- F) құл иеленушілер
- G) шаруалар

13. Орта ғасырдағы Қытайдағы жерге меншік формалары:

- A) Коре, Сээн
- B) Цзюньтун, миньтун
- C) Улус, тумэн, айл
- D) Сы тянь, тун тянь
- E) Гуань тянь, минь тянь
- F) Чонсиква, конхэджон, кубунджон
- G) Нэджанджон, кунвонджон

14. Орта ғасырда Суй әулеті тұсында жүргізілген ірі құрылыстар:

- A) сарайлар
- B) мектептер
- C) ұлы Қытай қорғаны
- D) жол құрылыстары
- E) ұлы канал

15. 1392 жылы Корей түбегінде билікке келген мемлекет атаулары:

- A) Корея
- B) Вэй
- C) Шу
- D) Силла
- E) Пэкче
- F) Коре

16. Орта ғасырлық Жапониядағы сегунаттар:

- A) Сога
- B) Камакура
- C) Фудзивара
- D) Накомати
- E) Сумэраги
- F) Тайра

17. Аббасидтер халифатының саяси жүйесінің негізгі басшылық қызметтері:

- A) халиф
- B) әскери қолбасшы
- C) елші
- D) бас уәзір
- E) кадий

18. Мәмлүктер мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды оқиғалар:

- A) Мардж Дабике жанындағы шайқас
- B) Таяу шығыстағы крест жорықтары
- C) Арабтардың Мысырды жаулауы
- D) Өтеп алушылық қанау жүйесінің қалыптасуы
- E) Моңғолдардың Бағдадты алуы
- F) Өтеп алушылық жүйенің әскери қызметпен байланысты уақытша жер төлемдері – иктаға алмастырылуы

19. Фатимидтер мен Айюбидтер мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды оқиғалар:

- A) Иктаның мұрагерлік иелікке айналуы
- B) Мардж Дабике жанындағы шайқас
- C) Моңғолдардың Бағдадты алуы
- D) Айн-Джалут жанындағы моңғолдардың талқандалуы
- E) Өтеп алушылық жүйенің әскери қызметпен байланысты уақытша жер төлемдері – иктаға алмастырылуы
- F) Өтеп алушылық кабала жүйесінің қалыптасуы

20. Орта ғасырлық Ирандағы Хулагуидтер әулетінің ханы Газан хан реформаларының мақсаты:

- A) орталық билікті күшейту
- B) ислам дінінің рөлін көтеру
- C) еуропалықтармен байланыс орнату
- D) мемлекет қазынасын көбейту
- E) жаңа дінді енгізу
- F) ақшаны енгізу
- G) мемлекеттің рөлін төмендету
- H) халықты қанау жүйесін қалыптастыру

21. Сасанидтік Иранда жоғарғы сословиеге кіргендер:

- A) шенеуніктер
- B) феодалдар
- C) абыздар
- D) құл иеленушілер
- E) саудагерлер
- F) қолөнершілер
- G) әскер
- H) көпестер

22. XVIғ. Үндістандағы антифеодалдық қозғалыстардағы бағыттар:

- A) джайнизм
- B) беһаизм
- C) махдизм
- D) манихейлік
- E) исмаилизм

23. Делилік сұлтанаттағы маңызды реформалар:

- A) Иктаның ақшалай төлемге ауыстырылуы
- B) Дінге еріктілік заңын жою
- C) Мукта құқығын бекіту
- D) Мансаптар жүйесін құру
- E) Салық салудың жалға беру жүйесін құру
- F) Салық жинау жүйесінің реттелуі
- G) Джиздия салығын жою

24. Кіші Азиядағы Осман билігінің күшеюіне әсер еткен факторлар:

- A) Географиялық орналасуы
- B) Сол кездегі Кіші Азиядағы саяси жағдай
- C) Әскер
- D) Византиямен көрші орналасуы
- E) Дін
- F) Сауданың дамуы
- G) Территориясының үлкендігі
- H) Моңғолдармен бейбіт келісім жасауы

25. Кейінгі орта ғасырда Осман империясында сұлтан билігінің әлсіреу себептері:

- A) сұлтанның тек діни билігі болды
- B) әйелдердің билікке араласуы күшейді
- C) янычарлар сұлтан билігін шектеді
- D) әскери қолбасшының билігі күшті болды
- E) сұлтанның қолында іс жүзінде билік болмады
- F) феодалдық топтар сұлтанның билігін шектеді
- G) сұлтан мемлекетті басқаруды бас уәзірге беріп қояды
- H) сұлтан мемлекетті басқаруға қызықпады

**Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы

1. Мәдениетаралық коммуникацияда мәдениеттің жаһандану көріністері:

- A) теориялардың ортақ болуы
- B) кірме құндылықтар
- C) фрустрация
- D) оптимизация
- E) шекараның жойылуы

2. «Мәдениет» сөзі білдіреді:

- A) адам жетістіктерінің жиынтығы
- B) табиғат жасаған
- C) адамның жағымды қасиеттер жиынтығы
- D) күнделікті мінез-құлықты түсіндіру
- E) артықшылықтар жүйесі
- F) коммуникативті мінез-құлық жүйесі
- G) адам жасағанның бәрі

3. Зерттеушілер пікірінше, 19 ғасырдың өзінде-ақ еңбектерінде бұқаралық мәдениетті феномен ретінде қарастырды:

- A) Ф.Энгельс
- B) И.Гете
- C) Ф.Ницше
- D) П.А.Флоренский
- E) И.Кант

4. Адамзат тарихында алғашқы халықаралық тілдерге жататын тіл:

- A) арамей
- B) ежелгі грек
- C) латын
- D) түркі
- E) армян

5. Қатынас барысында сенімсіздік редукциясына қатысты стратегия:

- A) сыни
- B) гендерлік
- C) пассивті
- D) белсенді
- E) интерактивті
- F) әлеуметтік

6. Неміс мәдениетінде өте маңызды:

- A) Кешігіп келу
- B) Қымбат сыйлықтар
- C) Жасырын сөйлеу
- D) Жазба келісім-шарт
- E) Кұжаттар
- F) Кешікпей келу

7. Американдықтардағы достық қатынас түрлері:

- A) Көше
- B) Демалыс
- C) Заман
- D) Туыстық
- E) Спорт
- F) Буын
- G) Жұмыс
- H) Мекен

8. Жоғары контекстуалды мәдениет өкілдеріне тән:

- A) бейвербалды тілдесуге көп мән бермеу
- B) көп нәрсені тілдік емес контекстпен жеткізе алу
- C) көп нәрсені болжап біле алу
- D) тура және мәнерлеп сөйлеу, үндемеген сенімсіздік білдіру
- E) наразылықты ашық білдіре алу
- F) жанжал арқылы теңдесу
- G) барлығы сөзбен айтылу керек

9. Маскулинді мәдениеттерде балаларда құпталатын қасиеттер:

- A) атақ құмарлық
- B) тіл алушылық
- C) құрмет
- D) интуиция
- E) өзін-өзі таныта білу
- F) жұмсақтық

10. Микродеңгейде өтетін коммуникация түрі:

- A) аймақтық
- B) контрмәдени
- C) әлеуметтік таптық
- D) өзекті
- E) дискурсивті
- F) когнитивті
- G) стратегиялық

11. Бөгде мәдениет ортасына дұрыс бейімделу үшін адамға өте қажет:

- A) Климаттық жағдайлар
- B) Абсолютті құндылықтар
- C) Азық-түлікпен қамтамасыз болу
- D) Артефактілер әлемі
- E) БАҚ позициясы
- F) Мәдени өмір

12. Коммуникациядағы дауыстың маңызды роль атқарушы сипаты:

- A) Әуенділік
- B) Ырғақтылық
- C) Байыптылық
- D) Батылдық
- E) Артикуляция
- F) Дауыс қаттылығы
- G) Үстемділік
- H) Сөйлеу жылдамдығы

13. Адамның өзге мәдениетке толық бейімделу барысындағы коммуникация өту сипаты:

- A) Жеңіл
- B) Тең қатынаста
- C) Күрделі
- D) Қиын
- E) Бір қалыпты
- F) Үйлесімді
- G) Бір мезгілде
- H) Толық

14. Америка мәдениетінде әңгімені аяқтау немесе тақырыпты өзгерту үшін қолданылатын қимыл:

- A) Алға еңкею
- B) Алақанын қасу
- C) Бетін теріс бұру
- D) Қалпын өзгерту
- E) Арқадан қағу
- F) Секіру
- G) Қолын бұлғау

15. Түрлі мәдениеттерге ортақ сәлемдесу ишараты:

- A) Қасын көтеру
- B) Түшкіру
- C) Алға қадам басу
- D) Бас ию
- E) Құшақтау

16. Адамның киіміне, атрибуттарына қатысты бейресми белгі жүйесіндегі негізгі көрсеткіш:

- A) тренд
- B) этикетка
- C) иіс
- D) баға
- E) түс

17. Түрлі мәдениеттерде қолданылатын ым-ишараттар бөлінеді:

- A) Дәстүрлі
- B) Географиялық
- C) Еркін
- D) Физиологиялық
- E) Еріксіз
- F) Тарихи
- G) Балалық
- H) Ересектер

18. Жанжалды басу үшін қолданатын әрекет:

- A) Аяу
- B) Ынтымақтастық жасау
- C) Жарысу
- D) Жетекшілік ету
- E) Көну

19. Қолдаушының стиль көрсеткіші:

- A) Тиімділік
- B) Мақтау
- C) Сөйлеушінің сөзін бөлу
- D) Әңгіме тақырыбын өзгерту
- E) Мойындау
- F) Ризашылық білдіру
- G) Мойындамау
- H) Жақсыз сөйлем

20. «Мәдениетаралық коммуникация» терминінің қолданылатын мағынасы:

- A) Семантика-синтаксистік топ
- B) Гуманитарлық ғылымдар бағыты
- C) Түрлі мәдениеттер өкілдерінің қатынасы
- D) Табиғи әдіс
- E) Жеке тұлғаның өзгешелігі
- F) Физиологиялық ерекшелік
- G) Ұжымдық іс-әрекет

21. 80-шы жылдардың соңынан Германияда жүргізілетін мәдениетаралық коммуникация мәселелері:

- A) лингвистика
- B) еңбек миграциясы
- C) психология
- D) фольклористика
- E) когнитивистика
- F) этносемантика
- G) аккультурация

22. Жалған нанымның бағалау сипаты:

- A) ойсыз
- B) нейтралды
- C) жақсы
- D) биологиялық
- E) тарихи
- F) дұшпандық

23. Мәдениетаралық коммуникацияның конструктивтілігін қамтамасыз ететін амал:

- A) герменевтика
- B) перцепция
- C) шешімді іздеу
- D) интроспекция
- E) узус
- F) топқа бөлу
- G) мәселені компоненттерге бөлу
- H) компромисс

24. Г.Ауэрнхаймер пікірінше мәдениетаралық құзіреттілікке үйрету бастамасы:

- A) Ерекшеліктерді теріске шығару
- B) Өзгешелікті мойындау
- C) Басқаларды зерттеу
- D) Сыни рефлексия
- E) Қоғамдық қажеттіліктерді белгілеу
- F) Өзінің мүдделерін айқындау
- G) Өзін-өзі тану
- H) Ерекшелікті мойындамау

25. Коммуникативті құзіреттіліктің негізгі элементтері:

- A) Кемшіліктерді тани білу
- B) Басқа адамның дәрежесін елемей
- C) Сигналдарды түсіне білу
- D) Өзге мәдениеттің нормаларын елемей
- E) Жағдайды өз мүддесіне сай түсіндіру
- F) Өз мүддесін жоғары қою
- G) Өзінің жүріс-тұрысын өзгертуге дайын болу
- H) Қашықтықты сақтай білу

**Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы

1. XVII – XIX ғғ. Жапон жерінде кеңінен тараған негізгі діни ағымдар:

- A) шаманизм
- B) ислам
- C) христиандық
- D) синтоизм
- E) дзэн-буддизм
- F) зороастризм
- G) жайнизм

2. XVIII ғ. Корейдегі ірі сауда орталықтары:

- A) Ренан
- B) Суван
- C) Тэгу
- D) Пхеньян
- E) Енши

3. Сунь Ятсеннің ұстанған негізгі принциптері:

- A) ұлтшылдық
- B) абсолюттік монархия
- C) шаруалар көтерілісі
- D) конституциялық монархия
- E) консерваторлық ұстаным

4. Мин империясының манчжурлерден жеңілу себептері:

- A) Қытай билеуші топтарының сатылып кетуі
- B) Манчжурлерді голландықтардың қолдауы
- C) Манчжурлерге қарсы күресте біріге алмауы
- D) Манчжур императорының Қытай ханшайымына үйленуі
- E) Англияның үздіксіз шабуылы
- F) Соңғы император өз еркімен манчжурлерге берілді
- G) Манчжур әскерінің саны көп болды

5. 1860-1890 жж. Үндістанға импортталған ағылшын тауарлары:

- A) Металдан жасалған қару-жарақтар
- B) Металл ыдыстар
- C) Бидай
- D) Зәйтүн майы
- E) Ағаш бұйымдар
- F) Пальма талшықтары
- G) Индиго

6. XVIII ғ. Үндістандағы билеушілердің бірі-Типу Сұлтан:

- A) Хайдар Әлидің ұлы
- B) «Майсур арыстаны» лақап атын иеленуші
- C) Сикх мемлекетінің негізін салушы
- D) Таж Махал кесенесін салдырды
- E) Маратх билеушісі
- F) Ірі қолбасшы, әрі реформатор

7. XVII ғ. Сефевид династиясы экономикасының құлдырау себебі:

- A) шаруалардың қалаға көшуі салдарынан
- B) шетел державаларының отарлау саясаты салдарынан
- C) елдің сыртқы саяси жағдайы нашарлауы
- D) қазына кірісінің азаюы
- E) ішкі сауданың әлсіреуі

8. 1809 жылғы келісім бойынша Англияның Иран шахына көмектесуге берген уәделері:

- A) спорт ашу
- B) зауыттар салу
- C) шахты қорғауға әскер
- D) ақшалай көмек
- E) инструкторлар жіберу
- F) қару - жарақ жіберу

9. 1735-1739 жылдардағы орыс-түрік соғысы:

- A) Түріктердің жеңілісімен аяқталды
- B) Белград бітіммен аяқталды
- C) Франция үшін тиімді болды
- D) Американдықтардың араласуынан кейін аяқталды
- E) Ресейді Азов және Қара теңізде флот құруға және ұстау құқығынан айырды

10. Осман империясындағы Селим III реформаларының негізгі міндеттері:

- A) Египет сепаратизмін басып тастау
- B) Конституциялық монархия орнату
- C) Орталық үкіметті күшейту
- D) Ресеймен одақ құру
- E) Әскерді қайта құру
- F) Республика жариялау, конституция қабылдау
- G) Мұсылман және мұсылман емес тұрғындардың құқықтарын теңестіру

11. XVII ғ. араб ақсүйектерін құлдармен қамтамасыз еткен Сауд Арабиясының құл базарлары орналасқан қалалар:

- A) Бағдад
- B) Хуфуф
- C) Неджд
- D) Медине
- E) Мекке
- F) Маскат

12. 1871 жылы Гамбия отарында құрылған Туземдік ассоциация:

- A) АҚШ-пен одақтасты
- B) Африкандықтарға қарсы шықты
- C) Батысты қолдады
- D) Өзі қолдаған африкандық үміткерін 1883 жылы алғаш рет Заң шығарушы жиналыс құрамына енгізуге қол жеткізді
- E) Ұлтаралық ұйым
- F) Мәдени ұйым

13. 1987 жылы 27 қазанда қабылданған Корей Республикасының жаңа конституциясы бойынша:

- A) Елде кемінде 100 партия болуы тиіс
- B) Президент қызметінің мерзімі 10 жылға ұзартылды
- C) Ұлттық жиналыс құзіреттілігі күшейтілді
- D) Президент қызметінің мерзімі 5 жылға қысқартылды
- E) Президенттің төтенше шараларды қолдану құқығын шектеді
- F) Ел монархиялық жүйеге өтті
- G) Сот құзіреттілігі шектетілді

14. Оңтүстік Кореяның алғашқы президенттері:

- A) Пак Чжон Хи
- B) Ким Ир Сен
- C) Ким Чен Ир
- D) Юн Бо Сон
- E) Ли Сын Ман

15. Қытайдағы бірінші азаматтық соғыс қарсаңында оңтүстік үкіметтің бақылау орнатқан провинциялары:

- A) Гуанси
- B) Ланчжоу
- C) Пекин
- D) Хэбей
- E) Хубэй

16. 1950 жылғы 14 ақпандағы КСРО мен Қытай арасындағы келісім сипаты:

- A) Ішкі автономия құру
- B) Достық
- C) Шекара жөнінде
- D) АҚШ-қа қарсы соғыс ашу
- E) Кедендік пайызсыз жөнінде
- F) Одақтастық

17. 1930 жылы Вьетнам ұлттық партиясының ұйымдастыруымен Фу-тхо, Хай-аюнг провинцияларында өткен қарулы көтерілістердің нәтижесінде:

- A) көтерілісшілер ымыраға келді
- B) көтерілісшілер билік басына келді
- C) көтеріліс жеңіске жетті
- D) партия қызметін тоқтатты
- E) көтеріліс талқандалды
- F) көтеріліс көсемдері тұтқындалды
- G) партия кеңейді

18. 1976-1977 жылдардағы Бангладеш конституциясына енгізілген өзгертулер бойынша:

- A) аймақтық көшбасшылыққа жуық арада қол жеткізу
- B) елде ядролық қаруды дамыту
- C) жеке меншік секторларды дамыту қолға алынды
- D) мемлекетте бірпартиялық жүйеге көшу
- E) өнеркәсіптегі жетекші салаларды ұлттандыру
- F) ел экономикасында жабық есік саясат ұстану

19. Иранда ерлер мен әйелдер құқығының теңдігіне қарсы шыққан Аятолла Хомейниді қолдаған шииттік жетекшілер:

- A) Пехлеви
- B) Азандар
- C) М. Хаттами
- D) Талегани
- E) Бехбехани

20. Ауғаныстандағы Бачайи Сакао билігі (қаңтар-қазан 1929 ж.) кезінде:

- A) реформалар тоқтатылды
- B) көптеген журналдар шығарылды
- C) реформалар кезеңі басталды
- D) зайырлы мектептер жабылды
- E) кәсіподақтар құрылды

21. «Түрік реформасының атасы» Тұрғыт Өзалдың ілімінің негізі:
- A) Елді исламдық мемлекетке айналдыру
 - B) Түркияны Еуропалық экономикалық қауымдастықтың толық құқықты мүшесіне айналдыру
 - C) Елді толықтай аграрлық мемлекетке айналдыру
 - D) Әскери диктаторлық мемлекетті құру
 - E) Еуропалық мемлекеттер үшін елді жабу
 - F) Экономиканы либерализациялау идеясы жатты
 - G) Қатаң түрдегі мемлекеттік реттестіруден бас тарту есебінен нарықтық қатынасты нығайту
22. 1990 жылғы Парсы Шығанағындағы соғыста Кувейтке қолдау танытып, өз әскерлерін жіберген араб елдері:
- A) Сирия
 - B) Судан
 - C) Алжир
 - D) Иордания
 - E) Палестина
 - F) Йемен
23. 1979 жылы қол қойылған Кэмп-Дэвид келісімінен кейін Египетке қатысты қабылдаған араб елдерінің шешімі:
- A) Әскери субсидиялар тағайындау
 - B) Дипломатиялық қатынастарын үзу
 - C) Экономикалық көмек көрсету
 - D) Тек мәдени қатынасты үзу
 - E) Араб елдерінің әуе базаларын орналастыру
 - F) АЕЛ штаб-пәтерін қалдыру
24. 1950-шы жылдары Тропикалық Африкада орын алған кәсіподақ қозғалыстардың мақсаты:
- A) құл саудасын жандандыру
 - B) жұмысшылардың құқығын қорғау
 - C) «жабық есік» саясатын ұстану
 - D) шетелдіктермен одақтаса түсу
 - E) шетелдік отаршылдарға көмектесу
 - F) «ашық есік» саясатын ұстану

25. I дүниежүзілік соғыс қарсаңында Оңтүстік Африкалық Одақтың парламенті мен үкіметінің қабылдаған заңдары бойынша:
- A) африкандықтарға лауазымдық қызметке орналасуға рұқсат берілді
 - B) африкандық жұмысшыларға жұмыстарын ауыстыруға тыйым салынды
 - C) ірі компанияларды иеленуге құқық берілді
 - D) африкандықтарға «тіркелеген туземдік аудандардан» басқа жерлерден жер телімдерін сатып алуға, жалға алуға қатаң тыйым салынды
 - E) тегін шетелге оқуға жіберілетін болды
 - F) кез-келген жерден жер сатып алуға құқық берілді
 - G) африкандық жұмысшыларға кәсіби еңбекпен шұғылдануға тыйым салынды

**Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**